

Әдістемелік отырыс  
Хаттама №1

**Тақырыбы: «2024-2025 оқу жылындағы мектеп әдістемелік кеңес  
жұмысын жоспарлау.»**

Қатысқандары: 34

Қатыспағандары: 0

Мерзімі: қыркүйек 2024ж

**Күн тәртібінде:**

1. Ақпараттық және әдістемелік 2024-2025 оқу жылына арналған оқу үдерісін қолдау.  
Мектеп директоры Шонгалова Г.Б.
2. ӘБ жұмыс жоспарын қарастыру. ДӨІЖО Отениязова А.А.
3. Пәндер, курстар, сыныптан тыс жұмыстар бойынша бағдарламаларды бекіту.  
ДҒӨІЖО Кошекбаева Г.А.
4. ЖММ 2024-2025 оқу жылына арналған жоспарларын келісу. ДҒӨІЖО Кошекбаева Г.А.
5. 2024-2025 оқу жылына педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттырудың  
перспективалық жоспарын және аттестаттау жоспарын құру. ДҒӨІЖО Кошекбаева Г.А.
6. Пән апталықтарын өткізу жоспарын келісу. ДҒӨІЖО Кошекбаева Г.А.
7. Тәлімгерлікті ұйымдастыру. ДҒӨІЖО Кошекбаева Г.А.
8. Дарынды балалармен жұмысты ұйымдастыру туралы (мектеп оқушы-ларының пәндік  
олимпиадаларын, ғылыми жобаларын өткізу). ДҒӨІЖО Кошекбаева Г.А.

**Тыңдалды:**

Бесінші мәселе бойынша Кошекбаева Г.А. баяндады. Педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттырудың қажетті бағыттарын анықтау (жаңа педагогикалық әдістемелер, инновациялық технологиялар, сандық білім беру құралдары.) Біліктілікті арттыру курстары мен тренингтерді ұйымдастыру. Білім беру саласындағы жаңа әдістемелер мен технологияларға бейіделу үшін, мұғалімдерге қажетті материалдар мен ресурстар берілетін болады. Педагогикалық қызметкерлердің цифрлық және инновациялық білім беру саласындағы дағдыларын арттыруға ерекше көңіл бөлінеді. Әр педагог үшін жеке кәсіби даму жоспары әзірленеді. Бұл жоспарлар мұғалімдердің қажеттіліктеріне және білім беру саласындағы өзгерістерге бейімделіп, олардың кәсіби шеберліктерін дамытуға бағытталған болады. Мұғалімдердің өз білімдерін жүйелі көтеріп отырулары – олардың шығармашылықпен жұмыс істеуіне ықпал ететін негізгі фактор. Еліміздің білім беру саясатындағы көкейтесті мәселелердің бірі де осы мұғалімдердің біліктіліктерін жүйелі арттыру болып табылады. Оның мұғалімнің кәсіби біліктілігін қалыптастыруда алатын орны ерекше. «Біліктілік» деп қандай да бір еңбектің түріне дайындалудың, дайындық дәрежесінің деңгейін айтады. Кез-келген қызметкер біліктілігін ұдайы жетілдіріп отыруы қажет. 2023-2024 оқу жылында барлық пән мұғалімдер өз пәні бойынша 100% біліктілік арттыру курстарынан өтті. Биыл 2024-2025 оқу жылында біліктілік арттыру курстарынан өтетін педагогтер тізімі:

1. Кошекбаева Г.А. – химия пәні
2. Олжабек Пернегул – бастауыш сынып
3. Турдимуратова Б.А. – кітапханашы
4. Ғомар М.Ж. – ағылшын тілі пәні
5. Қадырберді М.А. – қазақ тілі мен әдебиеті

Және де педагогтің зерттеу қызметі: Action Research және Lesson Study», біліктілікті арттыру 80 сағ курсынан 40% педагог өткен болса, 60 % педагог өту керек.

Аттестация – бұл мұғалімдердің шығармашылық өсуінің негізгі факторы және олардың кәсіби біліктілігін қалыптастыру; педагогикалық және басқарушылық кадрларды үздіксіз оқытудың тиімді әдісі; білім беру саласындағы мемлекеттік – әлеуметтік бақылау түрі. Аттестациялаудың мақсаты: кәсібилік деңгейді көтеруге ынталандыру; оқу-тәрбие процесінің сапасын арттыру; шығармашылық ынтасын дамыту;

Аттестациялаудың міндеттері:

Оқу үдерісінің мақсаттарына жету деңгейін анықтау; Білім алушылардың оқу жетістіктерінің деңгейін бағалау; Алдыңғы диагностикалық зерттеулердің нәтижелерімен салыстырғанда оқушының дамуының өсу (төмендеу) динамикасын анықтау; Білім беру сапасына әсер ететін оң және теріс үрдістерді анықтау және бағалау; Білім беру сапасына әсер ететін факторлар мен жағдайларды реттеу және түзету жөнінде ұсыныстар әзірлеу. Мектептегі білім беру сапасын арттыру үшін ең алдымен мұғалім біліктілігі жеткілікті дәрежеде өсіп, кәсіби шеберлік шыңына талпынған тұлға иесі болуы тиіс. Әр бес жыл сайын мұғалім өзінің біліктілігін көтеріп, аттестациядан өтуі міндетті екені белгілі. Білім беру ұйымының жылдық жұмыс жоспарындағы педагогтардың біліктілігін жетілдіру тармағы негізінде ағымдағы оқу жылының басында педагогтердің аттестациясын ұйымдастыру және өткізу ісшараларының жоспары жасалынады (5 жылдық перспективалық жоспардың негізінде). Дәл осы міндеттермен таныса отырып, биылғы оқу жылының I жарты жылдығында аттестациядан өтетін мұғалімдер:

1. Серикбаева Б.Н. - бастауыш сынып мұғалімі – педагог-модератор / педагог-сарапшы
2. Шонгалова Г.Б. – қазақ тілі мен әдебиеті пәні – педагог-зерттеуші / қайта растау
3. Отениязова А.А. – бастауыш сынып мұғалімі – педагог-зерттеуші / қайта растау
4. Олжабек Сайран - бастауыш сынып мұғалімі – педагог-зерттеуші / қайта растау

### **II жартыжылдықта аттестациядан өтетін мұғалімдер:**

5. Абдрахманов Б.А. – АӘД пәні мұғалімі – педагог-сарапшы/ қайта растау
  6. Утеева З.Ж. – бастауыш сынып мұғалімі – педагог-сарапшы/ қайта растау
  7. Айтмағамбетова М.Ж. – математика пәні мұғалімі - педагог-сарапшы/ қайта растау
  8. Кусаинова Б.Т. – орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі - педагог-сарапшы/ қайта растау
- Жыл бойы құжаттарды реттеп, портфолио жинақталу керек. Сонымен қоса әр мұғалім 3 ашық сабақтан, 5-10 бақылау парағын толтыру керек.

### **Шешімі:**

1. 2024-2025 оқу жылында төмендегі мұғалімдер біліктілік артыру курстарынан жыл бойында өтсін.
2. Аттестациядан өтетін мұғалімдер жоспарын бекітіп, құжаттарын реттеп, ашық сабақтар өткізіліп, портфолио жинақталсын.

**ӘБ жетекшісі:**

**Кошекбаева Г.А.**

**Хатшысы:**

**Оспанова Г.К.**